

Шарыпқазы Н.
**Қытайдың Орта Азиядағы
стратегиясы**

Мақалада Қытайдың Орталық Азия геосаяси аумағына кіретін мемлекеттерге қатысты стратегиясы қарастырылады. Бүгінгі таңда қарқынды дамып келе жатқан бұл аймақтағы Қытайдың мүдделері туралы сөз қозғалып, стратегиясының негізгі бағыттары айқындалады.

Түйін сөздер: стратегия, Орта Азия, саясат.

Sharypkazy N.
**The strategy of
China in Central Asia**

The article considers China's strategy in the rapidly developing countries of Central Asia. Also, identified China's interests in this geopolitical region and the main directions of the strategy of China in Central Asia.

Key words: strategy, Central Asia, policy.

Шарипказы Н.
**Стратегия Китая
в Средней Азии**

В данной статье рассматривается стратегия Китая в стремительно развивающихся странах Средней Азии. Выясняются интересы Китая в этом геополитическом регионе. А также выявляются основные направления стратегии Китая в Средней Азии.

Ключевые слова: стратегия, Средняя Азия, политика.

ҚЫТАЙДЫҢ ОРТА АЗИЯДАҒЫ СТРАТЕГИЯСЫ

Қытай Халық Республикасы – Азия құрылығында орналасқан мемлекет. Халық саны бойынша, әлемдегі 1-ші мемлекет, жер аумағы бойынша Ресей және Канададан кейінгі 3-ші орында. ХХІ ғасырда Қытайдың әлемдік аренадағы ықпалының арта түскені айқын байқалады. Қазіргі кезеңдегі геосаясатта Қытай Халық Республикасы теңдесі жоқ экономикалық өсу есебімен құрылуда. Жыл сайынғы Қытай экономикасының өсу темпі 9-11%. Тіпті, осы ғасырдың екінші онжылдығында Қытай жалпы ұлттық өнімнің көлемі бойынша АҚШ-ты басып озып, әлемдегі нөмір бірінші экономика мәртебесіне ие болуы мүмкін деген болжамдар да айтылып жүр. Бұлай болуының өзіндік заңдылығы бар. Өйткені жаңа ғасырға дейін Қытай жиырма жылдан аса қоғамдық реформа жүргізіп, экономикасын қарқынды даму арқылы жаңа ғасырға әлемдік ұлы держава ретінде қадам басты. Қытай реформаларды кезең-кезеңімен, рет-ретімен біртіндеп жүргізді, демек мұндай зор нәтижелерге ұстамды стратегиясының арқасында қол жеткізіп отыр [1].

Қытайдың стратегиялық принциптері тұрақтылық пен бейбітшілікке негізделген. Демек, ҚХР стратегиясы «халықаралық бейбіт ортаны пайдалана отырып, өздерін дамытып және өздерін дамыту арқылы әлемнің бейбітшілігін қорғау» принципіне негізделген [2].

Осы ғылыми жұмыста Қытайдың Азиядағы, дәлірек айтқанда Орталық Азиядағы саясатын қарастырамыз. Қытайдың жақын көршілері ҚР бастаған Орталық Азия (геосаяси термин) мемлекеттері болып табылады. Орталық Азия аймағы – қауіпсіздік тұрғысынан алғанда дүниежүзінің ең маңызды аймақтарының бірі. Еуропаны Қытаймен, Ресейді Ислам әлемімен байланыстыратын Орталық Азия аймағы геостратегиялық орналасуы жағынан бірнеше ірі аймақтың қауіпсіздік жүйелерінің түйіскен нүктесінде орналасқан. Орталық Азия регионна жататын мемлекеттер: *Қазақстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан және Қырғызстан*. Бүгінгі таңда Орталық Азия ұлы державалар мен халықаралық ұйымдардың назарын өзіне аударып, қатысушыларының құрамына байланысты әртүрлі күштердің бәсекелестік әрекет ету аренасына айналды. Жаһандану процесі қарқындап, әлемде энергоресурстар үшін күрес шиеленіскен қазіргі таңда Орталық Азиялық өңірдің рөлі мен маңы-

зының айтарлықтай артқанын бірнеше жылдар бойы көптеген елдердің сарапшылары айтып келеді. Сонымен қатар, Орталық Азияның Ресей, Қытай, Еуропа, Үндістан, Иран, Пәкістан және Түркия сияқты ықпалды күштердің арасында тығыз орналасуы бұл аймақтың геосаяси рөлін де арттыра түсуде. Әсіресе, Ресей, АҚШ және Қытай сияқты үлкен күштердің осы аймаққа қатысты геосаяси жобалары мен геэкономикалық мүдделері ескерілуі қажет. Осы орайда, Орталық Азиядағы геосаяси белсенділігі артып отырған мемлекеттердің бірі – ҚХР болып табылады [3].

XX ғасырдың 90-жылдарының басында Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия аймағындағы елдер халықаралық қатынастар жүйесінің жаңа қатысушыларының қатарына қосылғаны хақ. Орталық Азия аймағының басым бөлігімен шектесіп жатқан Қытай Халық Республикасы жаңа тәуелсіз елдермен саяси, экономикалық ынтымақтастықты қалыптастыру мақсатында жаңа саяси шынайылық негізінде өзінің сыртқы саяси, экономикалық стратегиясын тұжырымдады. ҚХР Орталық Азиядағы тәуелсіздік алған бес мемлекетпен 1992 жылдың басында дипломатиялық қатынас орнатты. Халықаралық құжаттарға сүйенсек, ҚХР-сы Өзбекстанмен 2 қаңтарда, Қазақстанмен 3 қаңтарда, Тәжікстанмен 4 қаңтарда, Қырғызстанмен 5 қаңтарда, Түркістанмен 6 қаңтарда дипломатиялық құжаттарға қол қойды. Алғашқы жылдары Қытайдың Орталық Азиядағы мемлекеттерден үмітінен гөрі күдігі басымдау болғаны жасырын емес. Бірақ, уақыт өте келе Қытай өзінің геосаяси және геэкономикалық мүддесінің Орталық Азияда екендігін түсінді [4].

Қытайдың Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасын талдай келе, ҚХР-дың бұл геосаяси аймақтағы сыртқы саясатын үш негізгі кезеңге жіктейміз:

1992-1995 жылдар аралығы. Осы жылдары Совет Үкіметі ыдырап, тәуелсіз мемлекеттер қалыптасады. Бұл кезеңде Қытай өкіметі ауданда қалыптасқан жаңа саяси жағдайды түсінуге талпынады. Орталық Азия мемлекеттерімен дипломатиялық байланыстар орнатып, аймақта келісімдік-құқықтық базаға негізделген сенім атмосферасын қалыптастырады.

1996-2001 жылдар аралығы. ҚХР-сы Орталық Азия мемлекеттерімен екіжақты (ҚХР және Қазақстан, ҚХР және Өзбекстан, ҚХР және Түрікменстан, ҚХР және Қырғызстан, ҚХР және Тәжікстан) және көпжақты (ШЫҰ негізінде) байланыстар орнатып, жаңа институттар мен механизмдер қалыптастырады.

2001 жылдан бүгінге дейін. Бұл кезең Қытай өкіметінің Орталық Азия геосаяси аймағындағы экономикалық, мәдени, саяси белсенділігінің жоғарылығымен ерекшеленеді.

Орталық Азияда Қытай мүддесі бірнеше факторлармен анықталады. Біріншіден, Пекин «Шығыс Түркістандағы» сепаратистік күштерді шешуге ұмтылу, екіншіден, стратегиялық жоспардағы тұрақты тың бағдар ретінде Орталық Азияны сақтау, үшіншіден, энергоресурстарды потенциалды қамтамасыз ететін аумақ ретінде және экономикада өзінің әріптестері ретінде мемлекеттерді қарастыру [5]. ҚХР Орталық Азиядағы стратегиясының негізгі бағыттары:

1. Геосаяси фактор. ҚХР-ның басты мақсаты – Орталық Азия аумағының Қытай шеңберінің шығыс-түркістандық күштердің базасы және олардың халықаралық терроризм байланысындағы каналы болуына жол бермеу. Сондықтан, Қытай Орталық Азия мемлекеттерінің үкіметтеріне өз территорияларында сепаратистердің жұмысын шектеу және ҚХР-на территориялары арқылы террористік және экстремистік құрылымдардың өкілдерінің өтуіне жол бермеуді ұсынады. ҚХР-сы Орталық Азиядағы ықпалын арттыру арқылы Синьцзян мен өзге де батыс провинцияларындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейді. СҰАР мен ОА мемлекеттерінің қауіпсіздігі өзара байланысты, демек ОА тұрақсыздық жағдайы Қытайдың батыс бөлігінің қауіпсіздігіне өз әсерін тигізеді [6].

2. Энергетикалық фактор. Қытайдың экономикасы қарқынды дамып, адами әлеуетінің артуы шикізат пен отын-энергетикалық ресурстардың жаңа көзін табуға итермелеп отыр. Соңғы жылдары Қытайда, энергетикалық тұтынушы көздері үстемдік етуде, 2006 жылы оның пайдалану көрсеткіші басқа энергетикалық көздермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары, оның пайыздық үлесі 64%-ды құрады. Ұзақ уақыт бойы, Қытай көмір өнеркәсібінен бірінші орында тұр. Осы саланың керемет көп қорларына байланысты, оның Қытайда әлі де көп жылдар бойы негізгі энергетика саласы ретінде болып қалатыны айқын. Бірақ көмірдің энергетика саласында үстемдігі елдің экологиялық ахуалына кері әсерін тигізеді сөзсіз. Олай болса, елдегі экологиялық жағдай да Қытайдың энергетикалық саласын қайта қарастырып, газ саласына көңілін аударуға мәжбүрлеп отыр. Қытайдың осы даму қарқынымен алдағы кезеңін болжайтын болсақ, кейбір сарапшылардың пікірі бойынша 2020 ж. мұнайды тұтыну 2000 ж. салыстырғанда 2-2,6 есеге көбейгенімен, тек оның өндіруі энергокөздерінің

шектеулігіне байланысты тым көбейе қоймайды дейді. Олай болса бұл өз кезегінде Қытайдың сырттан тасымалдайтын мұнайға деген тәуелдігін 66-77%-ға дейін көтеруі ықтимал [7]. Қытай үшін табиғи қазба байлықтары мол, халқы сирек қоныстанған Орталық Азия мемлекеттері энергетика көзі ретінде үлкен маңызға ие болып отыр. Бұл жайында New York Times газетінде Қытай Халықтық азат ету армиясының генералы Лю Яжоудың «Орталық Азия – құдайдың Қытайға берген үлкен сыйы» деген пікірі бар. Бұл бір ауыз сөзден Орталық Азияның Қытай үшін маңызы зор стратегиялық серіктес екенін аңғаруымызға болады [8]. Орталық Азиядан мұнай тасымалы қауіпсіз, жылдам, әрі анағұрлым арзан (жерасты құбырлары арқылы) болып табылады. Оның үстіне, Орталық Азиядағы энергия ресурстары Қытайдың энергетикалық ресурстарға деген тапшылығын жоюға жеткілікті. Олай болса, Қытай үшін жақын аумақта орналасқан Қазақстан, Түрікменістан, Өзбекстан сияқты елдермен энергетика саласындағы ынтымақтастықты дамыту, жақын маңнан энергия тасымалдауға өте оңтайлы.

3. *Экономикалық серіктестік.* Қытай мен Орта Азия мемлекеттері арасында экономикалық серіктестіктер энергетикалық ресурстар және сауда нарығы аясында жүзеге асуда. Біртіндеп экономикалық байланыстарды орната келе, Қытай Орта Азия мемлекеттері үшін маңызды бизнес-серіктес болып отыр. 2008 жылы ҚХР мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы тауар айналымы 25 млрд АҚШ долларына жетті.

4. *Аумақтың транзиттік потенциалы.* Орталық Азия Қытай үшін «көліктік (транспорттық) дәліз» ретінде өте маңызды. Орталық Азия аумағы Иранға, Таяу Шығысқа, Жерорта теңізіне, Еуропаға шығатын қақпа. Осындай мақсатта Қытай басшысы Си Цзиньпин жаңа технологиялық негіздегі «Ұлы Жібек Жолын» жандандыру жобасын ұсынды. Бұл жоба бойынша, Ираннан Парсы шығанағына, Пәкістан арқылы Үнді мұхитына жол ашылмақ. Басқаша айтқанда, Қытай үшін перспективалық евразиялық дәліздер салынады. Бұл өз кезегінде қытай

өнімдерінің Еуропаға тасымалдану уақытын және транспортацияға жұмсалатын қаржы мөлшерін азайтады. Бұл жоба Қытайдың осы геосаяси аймақтағы өзге интеграциялық бірлестіктерге жауабы [9].

5. *Оқу-ағарту саласы.* Соңғы жылдары Қытай университеттерінде білім алатын Орталық Азия студенттерінің саны жыл санап көбейіп келеді. Қытай билігі көптеген гранттық бағдарламаларды, жайлы шарттарды, оның ішінде шәкіртақылар, тегін жатақхана мен тамақтануды ұсынады. Тіпті, мектеп бітірушілерге арнайы тіл үйрену курстары да қарастырылған. Мұндай типті дайындық курстарын тәмамдаған шәкірттер Қытайдың ЖОО-на түседі. Сандық деректерге көз жүгіртіп өтсек, 2014 ж. Қытайдың ЖОО-да білім алушы қазақстандық студенттер саны 7,5 мыңды құрайды. Сонымен қоса, Орта Азия астаналарында қытай тілін оқытатын Конфуций орталықтарын ашып ұзақ мерзімді жобасын жүзеге асырып жатқаны белгілі. Конфуций институттарының мақсаты – қытай тілі мен мәдениетін үйрету болып табылады. Оның үстіне, Конфуций институттары академиялық мобильділік бойынша студенттерді Қытайға оқуға жібереді. Орталық Азия мемлекеттеріндегі Конфуций институттарының саны: Қазақстанда 4, Қырғызстанда 4, Өзбекстан мен Тәжікстанда Конфуций институттары ұлттық университеттер аясында жұмыс істейді. Әзірше тек Түрікменстанда Конфуций институттары жоқ. Алайда, 1,5 мың түрікменстандық студент ҚХР-да білім алуға.

Қорытындылай келе, Қытай үшін Орталық Азия аумағы маңызды стратегиялық геосаяси аумақ болып табылады. Қытайдың Орталық Азиядағы мүдделері: терроризм, сепаратизм мен экстремизммен күрес; аумақтағы тұрақтылықты сақтау; Орталық Азиямен экономикалық дамуын көтеру; Орталық Азия елдерімен достық қарым-қатынас; аумақта Пекинге қарсы әскери блоктардың орналасуына жол бермеу; энергоресурстарға Қытай Халық Республикасы үшін жол ашу.

ҚХР-сы «жұмсақ күшін» пайдалану арқылы осы аймақта стратегиялық жоспарын жүзеге асыруда.

Әдебиеттер

- 1 Хамраев Ф. Особенности стратегии Китая в Центральной Азии: трансформация и обновление, 2010.
- 2 Robert G. China's rise in Asia: promises and perils, 2000.
- 3 Steve C. China, the U.S., and the power-transition theory: a critique, 2008.
- 4 Гуревич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии, 1989.
- 5 Цзычэн Е. Стратегия, политика и дипломатия Китая // – Пекин: Бэйцзин чубаньшэ, 1998.
- 6 Коэн А. Дракон смотрит на Запад: Китай и ШОС, 2006.

- 7 Каукенова А. Китай в XXI в.: Актуальные тенденции развития ключевых сфер жизни, 2008.
- 8 Swanstrom N. China and Central Asia: a new Great Game or traditional vassal relations?, 2007.

References

- 1 Hamraev F. Osobennosti strategii Kitaja v Central'noj Azii: transformacija i obnov-lenie, 2010.
- 2 Robert G. Shina's rise in Asia: promises and perils, 2000.
- 3 Steve C. China, the U.S., and the power-transition theory: a critique, 2008.
- 4 Gurevich B.P. Mezhdunarodnye otnoshenija v Central'noj Azii, 1989.
- 5 Czychjen E. Strategija, politika i diplomatija Kitaja // – Pekin: Bjejczin chuban'shje, 1998.
- 6 Kojen A. Drakon smotrit na Zapad: Kitaj i ShOS, 2006.
- 7 Kaukenova A. Kitaj v XXI v.: Aktual'nye tendencii razvitija kljucevyyh sfer zhizni, 2008.
- 8 Swanstrom N. China and Central Asia: a new Great Game or traditional vassal relations?, 2007.